

**Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы 27 наурыздағы "2023 жылға тыңайтқыштарға субсидиялар тізбесін және нормаларын, сондай-ақ тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы" №83 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы 17 қарашадағы № 370 қаулысы. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 21 қарашада № 93-19 болып тіркелді

Жетісу облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы 27 наурыздағы "2023 жылға тыңайтқыштарға субсидиялар тізбесін және нормаларын, сондай-ақ тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы" №83 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 179276 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Жетісу облысының әкімі*

*Б. Исабаев*

Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы  
17 қарашадағы № 370 Қаулыға  
қосымша

**2023 жылға тыңайтқыштарға (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемі**

№	Облыс атауы	Субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемі, теңге
1.	Жетісу облысы	2 733 108 000,0
	Барлығы	2 733 108 000,0